

**«№13 колледж» МКҚК-ның хаттамасы**

**Абай ауылы**

**29.09.2023 жыл**

**Жиналыс төрағасы: Абубакирова Жанар Абдыкаримовна**

**Хатшы: Оразимбетов Сакен Есбердиевич**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1. Сыбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі»  
(2015 жылғы 18 қарашадагы Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы КР Заңының 16-бабы);**
- 2. «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ұлгілік ереже»  
(КР Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрагасының 2023 жылғы 31 наурыздагы №112 бұйрығы);**

Сыбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бойынша 2015 жылғы 18 қарашадагы Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы КР Заңының 16-бабында көзделген: 16 бап. Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс—қимыл шаралары.

1. Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлар жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

- 1) шешімдеркабылдау рәсімдерінің есептілігін, бакылауда болуын және ашықтығын қамтамасызетеін ұйымдылық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
  - 2) адаптациялық қағидаттарын сақтау;
  - 3) мұдделер какытығыстарын болғызбау;
  - 4) іскерлік әдеп нормаларын кабылдау және сақтау;
  - 5) сыбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;
  - 6) сыбайлар жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де үйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.
2. Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлар жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одактары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы үйымның және оның жұмыскерлерінін КР сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылатын күрылымдық бөлімше немесе сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кенесіне, байкау кенесіне немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы заңнамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің құзыреті, қызметтің үйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісіне айқындалады.

Сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісі бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілірендегі сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлейді бекіtedі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы.

«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже»

*КР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрагасының 2023 жылғы 31 наурыздагы №112 бүйрүгінен сай жүргізіледі;*

#### Жалпы ережелер

1. Осы квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже (бұдан әәрі-Үлгілік ереже) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3 тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі Заң)

2. Осы Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерінің функцияларын орындаудың күрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың максаттарын, міндеттерін, қагидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындауды.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектілері өз қызметтің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Үлгілік ережені ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені бекіtedі.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің наазарына жеткізіледі.

5. Осы Улгілік ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі заңнамасын сактауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
- 3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестілірген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың жеке мұдделері олардың да өз лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;
- 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілерібар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)
- 5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі-сывайлас жемқорлыққа құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 6) сывайлас жемқорлықтың алдын алу - сывайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сывайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;
- 7) Сывайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сывайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сывайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылсаласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сывайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.
8. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сывайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылатын сывайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындаудың күрылымдық бөлімшесі немесе жауапты тұлға айқындалады. Бұл ретте, сывайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларын

орындастын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қактығысы ескеріле отырып айқындалады.

9. Сыбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызмет өз өкілеттерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің аткарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кенесіне, байқау кеңесіне (ол болған кездк) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кейнде тәуелсіз болып табылады.

10. Сыбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметке әдіснамалық колдауды сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-қимыл жөндегі уәкілетті орган және аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

11. Егер Занмен, сыбайлас жемкорлыққа іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Улгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемкорлыққа карсы комплаенсті ұйымдастыруға койылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесі, байқау кеңесі (ол бар болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді.

Сыбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қагидаттары, функциялары мен өкілеттері

12. Сыбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметтердің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтарды ескерту алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру; 3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету; 4) сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету; 5) Занга сәйкес, сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-қимылдың негізгі қагидаттарының сакталуын қамтамасыз ету;

14. Квазимемлекеттік сектор субъектісі сыбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс функцияларын енгізі және жүзеге асыру кезінде мынадай

қағидаттарды басшылыкка алады: 1) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі; 2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс тиімділігіне мүдделігі; 4) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсты жүзеге асырудың үздіксіздігі; 5) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсты жетідіру; 7) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың күзыреттерін үнемі арттыру.

#### 15. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтін функциялары:

- 1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді: квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимылның ішкі саясаты; квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі нұскаулық; квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мүдделер қактығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты; сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы заннамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа карсы стандарт; сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа карсы мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспары; квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа карсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат; корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлыққа карсы саясаттың тиімділігіне катысты акпарат жинауды, өндөуді, корытууды, тазалауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) «сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 казандығы №12 бүйробымен бектілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргүзіндің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген №14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды үйлестіреді.
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөіндегі үәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртық талдауды қатысады.
- 5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде аныкталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

- 6) квазимемлекеттік сектор субъектісі сыйбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті калыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
- 8) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саясатын және корпартивтік әдеп пен мінез күлық мәселелрін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 9) квазимемлекеттік сектор субъектісінің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара карым-қатынас мәдениетін калыптастыруға жәрдемдеседі;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комлаенс-қызмет құзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілдегі берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектулерді сактауын қамтамасыз етеді;
- 11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелерінің ішкі іс-шаралар жоспарын орындауды мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 12) мұдделер қақтығысын, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісін жұмыска орналастыру, сатып алу және бизнес – процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 13) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлыктар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
- 15) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы етініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және /немесе оларға қатысады;
- 16) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
- 17) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тындайды;
- 19) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметтің ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;
- 20) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметтің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер

- қақтығысының туындауына әкеп сокпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орныкты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;
- 21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды;
- 22) Квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесінің, байқау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйакы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындауды;
- 23) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
- 24) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша квазимемлекеттік сектор басшысының шешімімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады;
- 25) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындаудың құжаттармен айқындалады және оларды квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді;
- 26) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына ұсыныс береді;
- 27) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтің атынан квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды;
- 28) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік

ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына катысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы кажет.

29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шенберінде : 1)квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады; 2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда,квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына директорлар кеңесінін, байкау кеңесінін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органнын қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруга бастамашалық жасайды; 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл қызметтік тексерулер жүргізеді; 4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылары басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді; 5) Қазақстан республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органга жібереді; 7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не квазимемлекеттік сектор субъектісіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады; 30 Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі: 1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы акпараттың,сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік акпараттың, егер онда дайындалып жатқан және жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса,қупиялылығын сактайты; 2)квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралары бойынша сыбайлас жемқорлықтың,корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардағың құпиялылығын камтамасыз етеді;3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына директорлар кеңесінін, байкау кеңесінін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органның, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы хабардар етеді; 4) сыбайлас жемқорлыққа іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органнын назарына белгілі болған дайындалып жатқан,жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды; 5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді; 6) қызметтік және кәсіби этиканы сактайты.

31. Сыбайлас жемкорлықка қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне: 1) алдыңғы 3 жыл ішінде олар қатысқан процестерді қатысуға; 2) тексерудің байтараптығына нұксан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға; 3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға; 4) іскерлік этика нормаларын бұзуға; 5) нәтижесінде сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплеанс-қызметтік тәуелсіздігіне және байтараптылығына нұқстан келтіруі мүмкін тексерулерге, қызметтік тексерулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

32. Квазимемлекеттік сектор субъектінің басшылығы;

1) Сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның максаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауга, құқыктарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) камтамасыз етуі жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дереккорларға қолжетімділікті) және де өзге тауарларды, мүмкіндіктермен, автивтермен және ресурстармен камтамасыз етуі;

3) сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

33. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектінің құрылымдық белімшелермен өзара іс-кимылы жұмыстағы өзара сыпайлышқа пен дұрыстық негізінде құрылады.

34. Квазимемлекеттік сектор субъектінің құрылымдық белімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-келесідей жәрдемдеседі: 1) осы Улгілік ереженін 14-тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжатар мен ақпаратты ұсыну; 2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау; 3) туындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

Сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

35. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектінде қабылданған сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-шаралар бойынша ақпаратты токсан сайын сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөннідегі уәкілетті органға жібереді.

36. Сыбайлас жемкорлықка қарсы комплаенс –қызмет квазимемлекеттік сектор субъектінің директорлар кеңесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектінің басшысына мерзімді түрде есеп береді.

Квазимемлекеттік сектор субъектінің басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыбайлас жемкорлықка қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді. Жоғарыдағы аталғандардың негініде қорытындылай келе, басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындаپ, онда көзделген тәртіптік шара қолдана отырып, сыбайлас жемкорлыққа қарсы курес жүргізуге және сыбайлас жемкорлыққа комплаенс-қызметіне көмектесуге міндettі.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ қабылданған шектеулерді мүлтіксіз сактау және бұзу фактілеріне жол бермеу туралы нұсқау берілді. Сонымен бірге Сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендердің туралы барлық колледж қызметкерлеріне таныстырылған.

Жиналдың төрагасы:  Ж.Абубакирова

Хатшы:  С.Оразимбетов